

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторанты Нурбекова Салтанат Молотовнаның «8D01201 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

### РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Еліміз үшін мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру өзекті мәселелердің бірі. Балалардың білім сапасын арттыруда педагогтер баланың дербестігін, шығармашылық таным әрекетін, креативті және сыни ойлауын дамытуды көздейді. Оның ішінде мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамыту ең маңызды мәселелердің бірі. Нурбекова Салтанат Молотовнаның «Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамыту» атты диссертациясы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Білім туралы Заңы, 2017 жылғы 8 маусымдағы Педагогтің кәсіби стандарты (19.12.2022ж. өзгер. мен тол.), 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың моделі, 2022 жылғы 3 тамыздағы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, 14.10.2022 № 422 бұйрығы бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы құжаттарын басшылыққа алуымен сипатталады.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе	С.М. Нурбекованың диссертациялық жұмысы ҚР Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес орындалған. Зерттеу жұмысы 8D012 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу бағыты бойынша

		бағдарламаның атауы мен нөмері); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	ұсынылған.
2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі <u>үлесін қосады/қоспайды?</u> Ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған	Диссертациялық жұмыс мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытуды ғылыми негіздеуге бағытталған. Зерттеу нәтижесінде қол жеткізген ғылыми жетістіктері мектеп жасына дейінгі балалардың креативтік әлеуетін дамыту әдістемесіне елеулі үлес қосып, білім берудегі маңыздылығын нақтылай түседі.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертанттың ғылыми жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары, ғылыми стилі жетік. Зерттеу жұмысының көкейкесті мәселелері тиімді шешімін тапқан. Диссертациялық жұмыстағы анықтамалар, ой-пікірлер, негізгі ұғымдарға, ғылыми әдебиеттерге жасаған талдаулары, нәтижелері өзіндік тұжырымдарымен қорытындыланған.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген 3) негізделмеген	С.М.Нурбекованың диссертациялық жұмысының өзектілігінің негіздемесі мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың өзектілігі мен оны жүзеге асырудың теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негізделуінің жеткіліксіздігінің, тәрбиелеу-білім беру үдерісінде балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың педагогикалық-психологиялық тұрғысынан

			<p>күрделілігі мен оны шешудегі ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етілудің төмендігі қазіргі таңдағы практикадағы сұраныс пен теориялық зерттеулер арасындағы қарама-қайшылықтарды туындатады. Осындай қарама-қайшылықтардан туындаған мәселелерді теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негіздеу, зерттеудің ғылыми бағытын айқындап, ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың педагогикалық шарттарын нақтылау, құрылымдық-мазмұндық моделін жасау, әдістемелік кешенін әзірлеуге негізделген.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды  1) <u>айқындайды</u>;  2) жартылай айқындайды  3) айқындамайды</p>	<p>С.М. Нурбекованың зерттеу жұмысының мазмұны «Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамыту» атты диссертация тақырыбын толық көлемде, жан-жақты айқындайды.</p> <p>Диссертация мазмұны кіріспе, нормативтік сілтемелер, анықтамалар, белгілеулер мен қысқартулар және 3 тарау, тараулар 3 бөлімнен, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттерден, қосымшалардан тұрады.</p> <p><i>Бірінші тарауда</i> мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері талданып, ғылыми идеялар анықталып, автордың жеке ойымен тұжырымдалған.</p> <p>Бала тұлғасын дамытудағы биогендік, социогендік, психогендік факторлар, баланың шығармашылығын дамыту мен өзін-өзі көрсетуге білім, білік, тәрбиенің ықпалы, баланың қабілеті, ойлауы, қиялы, зейіні, есте сақтауы, сөйлеуі, сенімі, ерік-жігері мен эмоциясы негізінде креативтік әлеуетін дамытатын танымдық үдерістердің жан-жақты талданғанын атап көрсетуге болады.</p> <p><i>Екінші тарауда</i> мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың</p>



		<p>креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың педагогикалық шарттары нақтыланып, тұғырлары және әдіснамалық ұстанымдарымен қатар, компоненттері, диагностикалық өлшемдері мен көрсеткіштері, тәрбиелеу-білім беру үдерісінің құралдары, әдістері, формалары, технологиялары толықтай сипатталатын құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған. <i>Үшінші тарауда</i> тәжірибелік-эксперимент нәтижелері ұсынылған. Эксперимент жұмыстары мектепке дейінгі ұйымдарда жүргізілген, бұл мектепке дейінгі білім беру саласы үшін пайдалы үрдіс деп санаймыз. Диссертация тараулары өзара бірлікті сақтаған.</p>
	<p>4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:  1) <u>сәйкес келеді</u>  2) жартылай сәйкес келеді;  3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертация жұмысының мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына толықтай сәйкес.  Зерттеу міндеттері мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытуды теориялық – әдіснамалық тұрғыда негіздеумен, педагогикалық шарттарын нақтылаумен, құрылымдық-мазмұндық моделін жасаумен, әдістемелік кешенін әзірлеумен сәйкес келеді.  Диссертант зерттеу міндеттерін толық орындаған, яғни, мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытуды теориялық-әдіснамалық тұрғыда негіздеп, педагогикалық шарттарын нақтылап, құрылымдық-мазмұндық моделін жасап, әдістемелік кешенін әзірлеп және оның тиімділігін тәжірибелік-экспериментте дәлелдеген.</p>
	<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық байланысқан  1) <u>толық байланысқан</u>  2) жартылай байланысқан  3) байланыс жоқ</p>	<p>С.М.Нурбекованың диссертация жұмысының тараулары, бөлімдері мен құрылымы логикалық тұрғыдан өзара толық байланысқан. Зерттеушінің қол жеткізген нәтижелері диссертация жұмысының мақсат-міндеттерімен атап айтқанда, мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамыту теориялық-</p>

			<p>әдіснамалық тұрғыда негізделіп, «креативтік әлеует» ұғымының мәні, құрылымы, факторлары анықталуы <i>1 міндетке</i>; мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың мақсат, міндеттері, компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштерінен тұғырлары мен ұстанымдары, педагогикалық шарттардан тұратын құрылымдық-мазмұндық моделі жасалуы <i>2, 3 міндеттерге</i>; зерттеу жұмысы барысында «Баланың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың» бейімделген бағдарламасы, креативтік ойындарды ұйымдастыру алгоритмі, «100 креативті ойын» жинағы, авторлық этнографиялық «Зергер» ойынынан тұратын кешеннің дайындалуы <i>4 міндетке</i> сай орындалған. Тараулар мен бөлімдер арасында логикалық байланыс сақталған.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:  1) <u>сыни талдау бар</u>;  2) талдау жартылай жүргізілген  3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Докторанттың ғылыми зерттеу жұмысы мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамыту мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздері, құрылымдық-мазмұндық моделі, тәжірибелік-эксперимент нәтижелерін сандық, сапалық және сыни талдау арқылы дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған.</p>
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табылама?  1) <u>толығымен жаңа</u>  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)  3) жаңа емес (25% кем болып табылады)</p>	<p>Диссертанттың зерттеу жұмысында ұсынған ғылыми нәтижелер мен қағидаттары толығымен жаңа болып табылады. Бала тұлғасын дамытудағы биогендік, социогендік, психогендік факторлардың маңыздылығының, баланың шығармашылығын дамыту мен өзін-өзі көрсетуге білім, білік, тәрбиенің ықпалының жиынтығына бағытталған баланың қабілеті, ойлауы, қиялы, зейіні, есте сақтауы, сөйлеуі, сенімі, ерік-жігері мен</p>

		<p>эмоциясы ретінде креативтік әлеуетін дамытуға ықпал ететін танымдық үдерістердің зерделенуі <i>бірінші нәтиженің жаңа</i> екендігіне дәлел бола алады.</p> <p>Ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың мәні, құрылымы, факторларымен қатар, мектеп жасына дейінгі ересек балалардың креативтік әлеуеті, ойын іс-әрекеті ұғымдарының анықталуы, бұрыннан белгілі ойын түрлерімен қатар креативті ойындар қатарына нейроойындар мен «Оригами» арқылы ұйымдастырылатын ойындар түрлерін қосуы ерекше сипат алып, <i>екінші нәтиженің жаңа</i> екендігін айқындайды.</p> <p>Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың педагогикалық шарттары, тұғырлары мен ұстанымдары, компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері, әдістері, технологиялары құрамдас бөліктері болып табылатын құрылымдық-мазмұндық моделдің жасалуы <i>үшінші нәтиженің жаңа</i> екенін дәлелдейді.</p> <p><i>Төртінші нәтиже</i> мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне арналған «Баланың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамыту» бейімделген бағдарламасының, креативтік ойынды ұйымдастыру алгоритмінің, «100 креативті ойын» әдістемелік жинағының, авторлық этнографиялық «Зергер» ойынының кешенді түрде дайындалып, тәжірибеге енгізілуін <i>толығымен жаңа</i> деп санаймыз.</p>	
	<p>5.2 диссертацияның қорытындылары жаңа болып табылама?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</p> <p>3) жаңа емес (25% кем болып</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>«Креативтілік», «креативтік әлеует», «мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуеті» ұғымдарының, балалардың қалыптасуы мен дамуындағы биогендік, социогендік, психогендік факторлардың маңызының, баланың шығармашылығын дамытуға және</p>	



		табылады)	<p>өзін-өзі көрсетуге білім, білік, дағдыларының әсерінің, танымдық үдерістерінің зерделенуінен <i>бірінші қорытындының жаңа</i> екеніне көз жеткіздік.</p> <p><i>Екінші қорытынды жаңа</i>, ол балалардың креативтік әлеуетін дамытудағы ойынның түрлерін, олардың маңызын, қызметін, мүмкіндіктерін, ойын үдерісіндегі педагог пен бала арасындағы интерактивті әрекеттестікті, тұлғааралық тиімді қарым-қатынасты, қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуалды, мазмұндық, ұйымдастырушылық, әдістемелік шарттарының анықталғанын растайды.</p> <p>Ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың әдіснамалық тұғырлары мен ұстанымдарының айқындалып, құрылымдық-мазмұндық моделінің жасалуымен <i>үшінші қорытынды жаңа</i> деп есептейміз.</p> <p>Балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамыту мақсатында «Баланың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың» бейімделген бағдарламасының, креативтік ойындарды ұйымдастыру алгоритмінің, «100 креативті ойын» жинағы мен авторлық этнографиялық ойынның әзірленуі <i>төртінші қорытындының жаңа</i> екендігін дәлелдейді.</p>
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады) 3) жаңа емес (25% кем болып табылады)	<p>Диссертант Нурбекова С.М. ұсынған мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамыту әдістемесінің ғылыми-тәжірибелік негізі толығымен жаңа және негізделген деп айта аламыз. Ол зерттеу жұмысы барысындағы тұжырымдар, тәжірибелік-эксперимент жұмысының нәтижелері, ендіру актілері, ғылыми жарияланымдары арқылы расталынады.</p>
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан	Докторанттың зерттеу нәтижесінде алынған қорытындылар мектепке дейінгі білім беру саласы үшін құнды

		<p>қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>еңбек болып табылады. Зерттеу қорытындыларын, әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдарды, ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін даярлау оқу бағдарламаларында, біліктілік көтеру курстарын ұйымдастыруда, қосымша білім беру ұйымдарында, педагогикалық жоғары оқу орындары мен колледждер тәжірибесінде пайдалануға болады.</p>
7	<p>Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар</p>	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u></p> <p>2) шамамен дәлелденді</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u></p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі</p> <p>1) тар</p> <p>2) орташа</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u></p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертант С.М.Нурбекова ұсынып отырған қағидаттарды атап өтуге болады. «Креативтілік», «креативтік әлеует», «мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуеті» түсініктері дәлелденген, тривиалды емес. Мәселе «Мектеп жасына дейінгі балалардың «креативтік әлеуетін» дамыту» мақаласында көрініс тапқан. (Қазақстанның Педагогикалық Ғылым Академиясы «Хабаршысы», қаңтар, 2021, 153-162 б.)</p> <p>Ойын үдерісінде мектеп жасына дейінгі балалардың креативтік әлеуетін дамытудың мүмкіндіктері тривиалды емес, қолдану деңгейі кең және төмендегі жарияланымдарда дәлелденген.</p> <p>Мектеп жасына дейінгі балалардың креативтік әлеуетін дамытуға қолданылатын ұлттық ойын түрлерінің жіктелуі //Абай ат. ҚазҰПУ Хабаршысы «Педагогика және психология» сериясы, №3 (52) – Алматы, 2022, 263-272 б.</p> <p>Play as a means of developing the creative potential of preschool children // BORYS GRINCHENKO KYIV UNIVERSITY Pedagogical Education: Theory and Practice Psychology. Pedagogy Scientific Journal № 36 (2) 2021 (July — Desember)Pp. 31-37.</p> <p>Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың жүйелік, іс-әрекеттік, жеке тұлғалық, когнитивтік, интегративтік тұғырлары және әдіснамалық ұстанымдары тривиалды емес,</p>



			<p>қолдану деңгейі кең, келесі мақаласында дәлелденген.</p> <p>Integrative approach to the quality of preschool education in the development of the creative potential of preschool children //World Journal on Educational Technology: Current Issues (WJET)Volume 14, Issue 3, (2022), Pp. 909-914.</p> <p>Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамыту әдістемесі жасалып, «Баланың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың» бейімделген бағдарламасы, «100 креативті ойын» әдістемелік жинағы арқылы негізделген, тривиалды емес, қолдану аясы кең.</p> <p>Баланың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамыту» бейімделген бағдарламасы. – Алматы, Нур-Диас, 2022. – 46 бет.</p> <p>«100 креативті ойын» атты мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне арналған ойындар жинағы. – Алматы, Нур-Диас, 2022. – 56 бет.</p> <p>Зерттеу нәтижелері докторанттың 12 жарияланымында сипатталған. Scopus базасы тізімінде – 1, ҚР ҒЖБ министрлігінің ҒЖБ саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда – 4, Google Scholar, Research Bible, Index Copernicus библиографиялық деректер базасының басылымында - 1, ғылыми-практикалық конференция материалдары жинақтарында – 4, бейімделген бағдарлама–1, ойындар жинағында – 1.</p>
8	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия 2) жоқ	С.М.Нурбекованың диссертациялық жұмысының теориялық-әдіснамалық негіздері әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдардың жиынтығы ретінде қарастырылып, дереккөздер мен ақпараттардың дәйектілігіне негізделген. Диссертант мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың әдіснамалық негіздерін анықтауда жүйелік, іс-әрекеттік, жеке тұлғалық, когнитивтік, интегративтік тұғырлары мен

			мотивацияны қолдану, сенім және қолдау, ғылымилық, еркін шығармашылық және ынтымақтастық, мәдени диалог ұстанымдарын басшылыққа алды.
		8.2 диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> 2) <u>жоқ</u>	Докторанттың диссертация жұмысының нәтижелері - <i>теориялық</i> : ғылыми-зерттеу еңбектерін теориялық-әдіснамалық талдау, зерттеу жұмыстарына шолу, мектепке дейінгі білім берудің нормативтік құжаттары мен оқу-әдістемелік құралдарына контент-талдау, негіздеу, модельдеу. - <i>эмпирикалық</i> : бақылау, диагностикалау, сауалнама, әңгімелесу, тест, педагогикалық эксперимент, зерттеу нәтижелерін математикалық-статистикалық өңдеу және интерпретациялау әдістемелері пайдаланыла отырып алынған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді) 1) <u>ия</u> 2) <u>жоқ</u>	С.М. Нурбекованың диссертациялық жұмысының теориялық тұжырымдары мектепке дейінгі ұйымдарда жүргізілген педагогикалық тәжірибелік-эксперимент негізінде дәлелденген. Зерттеу жұмысының «Б» қосымшасында берілген тәрбиелеу-білім беру үдерісіне ендіру актілерімен расталған. Тәжірибелік-эксперимент жұмысының нәтижелері оң динамиканы көрсетеді.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған/ішінара расталған/расталмаған	Зерттеу еңбегіндегі ақпараттар Қазақстан Республикасының заңнамалық және мектепке дейінгі білім саласына қатысты нормативтік құжаттары, зерттеу тақырыбына байланысты отандық, шетелдік педагогикалық әдебиеттер, энциклопедиялар мен сөздіктер, оқу және оқу-әдістемелік құралдары, мерзімдік басылымдар мен халықаралық конференция



			материалдары, интернет көздеріне сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/ жеткіліксіз	Диссертация жұмысын жазу барысында пайдаланылған 369 әдебиет, оның ішінде: заңнамалық және нормативтік-құқықтық құжаттар, зерттеу тақырыбына байланысты ғылыми еңбектер, мерзімдік басылымдардан және интернет көздерінен алынып қолданылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті деп санаймыз.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар 1) <u>ия</u> 2) жоқ	С.М. Нурбекованың зерттеу жұмысында - мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың теориялық-әдіснамалық тұрғыда негізделуі; - мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың педагогикалық шарттарының анықталуы; - мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделінің жасалуы мен бағалаушылық компоненттері, диагностикалық өлшемдері мен көрсеткіштерінің, тәрбиелеу-білім беру үдерісінің құралдары, әдістері, формалары, технологияларының көрсетілуі диссертацияның теориялық маңызы бар екендігін көрсетеді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары 1) <u>ия</u> 2) жоқ	Зерттеу жұмысының практикалық маңызы бар. «Баланың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытудың» бейімделген бағдарламасы; «100 креативті ойын» жинағы; авторлық этнографиялық «Зергер» ойыны және креативтік ойындарды ұйымдастыру алгоритмін практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Алынған нәтижелерді педагогикалық оқу орындарында, балабақшаларда, біліктілік жетілдіру курстарында қолдануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> 2) жартылай жаңа	Диссертант ұсынған практикалық ұсыныста толығымен жаңа. -болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің оқу бағдарламасына «Мектеп жасына дейінгі балалардың



		(25-75% жаңа болып табылады) 3) жаңа емес (25% кем болып табылады)	<p>креативтілігін дамытудағы ойын технологиялары» тақырыбында элективті курсын ендіру;</p> <p>- мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы тиімді дамыту мақсатында «Мектеп жасына дейінгі балалармен креативті ойындарды жүргізу» тақырыбында біліктілік көтеру курстарын ұйымдастыру;</p> <p>- эксперимент кезінде балалардың креативтілігін анықтау барысында кейбір балалардың бойында дарындылықтың әр түрлі қырлары байқалды, осыған орай, дарынды балаларды дамыту және оларға жағдай жасау бағытында зерттеу жұмыстарын жүргізу;</p> <p>- мектепке дейінгі ұйымдарға балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытуға арналған әдістемелік кешенді қолданысқа ұсыну және тарату;</p> <p>- мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың креативтік әлеуетін ойын арқылы дамытуға арналған орталықтар ашу.</p> <p>Аталған ұсыныстар педагогикалық оқу орындарында мамандар даярлау жұмысын жетілдіруге және осы бағытта зерттеулер жүргізуге негіз бола алады.</p>
10	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары 2) орташа 3) орташадан төмен 4) төмен	Докторант С.М. Нурбекованың зерттеу жұмысының академиялық жазылу сапасы жоғары. Диссертацияның тілі мен стилі талаптарға сай. Ғылыми еңбек мазмұнындағы негізгі ұғымдар анықтамалар жүйелі ұсынылған, құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

**Шешім:** 8D012 – Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы (8D01201 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу) бағыты бойынша докторант С.М. Нурбековаға философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

Ресми рецензент, педагогика ғылымдарының кандидаты,  
Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды  
университетінің қауымдастырылған профессоры

РАСТАЙМЫН

Ғылыми хатшы \_\_\_\_\_

А.Т. Омарова

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_\_ ж.



Г.К. Бельгибаева